

*“Естігенімді – ұмытамын,
көргенімді – есте сақтаймын,
өз істегенімді – меңгеремін”.*



Конфуций

Жобалау технологиясының Әдіснамасы

Орындаған: Елеуова Л.А. Тенгизбаева Г.Е.

Ақтөбе 2014 жыл

•**Мақсаты:**

Оқушылардың алған білімдері негізінде өздігінен білімін жетілдіру, қолдануға жағдай жасау. Шығармашылық жұмыстың тақырыбын анықтау. Оқушылардың ақпарат көздерімен жұмысты ұйымдастыра алу қабілеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру; ақпараттық
- бағдарлау біліктілігін қалыптастыру;
- сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушының болашақта әр
- түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзін көрсете білуге
- бейімдеу.
- оқушының қызығушылық ынтасын дамыту;

Өзектілігі:

- Баланы оқи білуге үйрету.
- Баланы ойлауға үйрету.
- Баланың өзін өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушының ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық деңгейі бір
- дәрежеде қалыптасады
- Оқушы мұғалім әрекетінің әсерін толық сезінеді және бағыт-бағдарды
- басшылыққа алып жүзеге асырады
- Оқушылардың өз бетінше ізденуіне, зерттеуіне жол ашылады. алдына қойған жұмыстан белгілі бір дәрежеде нәтиже шығара алады
- Бір немесе бірнеше көзден ақпарат алу, алынған ақпаратқа сыни қорытынды жасай білуі

Жоба түрлері

Жоба түрі

Құрлымы

1. Зерттеу әдісті жоба

Мұндай жобалар құрылымы жан-жақты ойластырылған, Мақсаты айқын, барлық қатысушылар үшін өзектілігі бірдей, әлеуметтік маңызы бар, алынатын нәтижені өңдеу, жасалатын тәжірибелер, сарамандық жұмыстар мұқият қарастырылған. Зерттеу қиысынына толықтай бағындырылып, нағыз ғылыми зерттеулерге мейілінше жақындастырылған

2. Шығармашылық әдісті жоба

Бұл жоба түрінде құрылыс нақтыланбайды, тек жоспарланып, күтілетін нәтиженің жанырына бағына отырып дамиды. Бұл жағдайда күтілетін нәтижені ұсыну түріне қарай ойластыру керек (біріккен газет, саяхат, бейнефильм, спорттық ойындар).

3. Ойын, шытырман әдісті жоба

Мұндай жобада құрылым соңына дейін ашық күйінде қалады. Қатысушыларды жоба түрі мен мазмұнына қарай өздеріне әр түрлі рөлдерді таңдап алады. Күтілетін нәтиже жоба басында анықталуы немесе соңында көрінуі мүмкін. Бұл жобада шығармашылық өте жоғары болады. Дегенімен, рөлдік, ойындық-шытырмандық болып қала береді.

Жобалау-бағдарлау технологиясы- білімнің тиімділігі мен сапасын оқыту үрдісінде тиімді ұйымдастырумен бірге ақпараттық, зерттеулік, шығармашылық, тәжірибе-бағдарлық жобаларды сапалы түрде жасап, ақпараттық көздерді кеңінен қолдана білуден тұрады. Жалпы әлемдік педагогикада осы технология ешкімге жаңалық емес, барлық елде, әртүрлі салаларда жобалау технологиясын қолдану кең тараған.

Жобалау технологиясының негізін салушы американдық философ-педагог Джон Дьюи. **Жоба-«іс-әрекет жасау арқылы оқыту»** деген ұғымды білдіреді. **Жобалау-бағдарлау технологиясының** негізінде оқыту **моделі-** бұл оқушы тұлғасына бағытталған, жоспарланған оқытудың түрі. Әрине бұл модель оқушы тұлғасының болашағына, өмірден алған тәжірибесі мен мәселелердің сабақтастығына бағытталған. Сондықтан болар осы технологияның **«Барлығы өмірден және барлығы өмірге»** деген ұраны интерактивтік, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану арқылы жобалау әдісімен таным үрдісінде зерттеулер жүргізіп, қоршаған ортаны зертхана ретінде қолданып, қорытынды шығаруға жетелейтін технология.

Оқыту, зерттеу үрдісінде мұғалім мен оқушының рөлі неде?

Мұғалім:


- мақсат, міндет қояды
- оқушымен бірлесіп, мәселе қалыптастырады
- идеялар ұсынады
- берілген шаблон бойынша жобаны суреттейді
- кеңес беруші, сарапшы, менеджер рөлін атқарады, оқушылардың іс-әрекет жетістіктерін және шығарған қорытындыларын бағалайды, әртүрлі сайыстарға жобаларды ұсынады

Оқушы:

- мәселені талқылайды
- міндеттерді қалыптастырады
- жоспарлайды
- қажетті ақпаратты таңдап, жинайды
- зерттеу әдістерін іздестіреді
- өздігінен жинаған мәліметтерін талдайды
- аралық қорытындыларды талқылайды
- Мультимедиялық презентация, фильм, шығармашылық есеп жасап қорғайды.

Жобалардың классификациясы:

- оқушылар санына байланысты жоба жеке немесе **топтық** болады
 - оқу пәні мен мазмұнына байланысты **бір пәндік** немесе **пәнаралық** болады
 - қатысушылар құрамына байланысты **әртүрлі жастағы оқушылар, жалпымектептік, мектепаралық, халықаралық** болады
 - жоба **қысқа, орта, ұзақ** мерзімді болып бөлінеді
Қысқа мерзімді жобалар мерзімі- 1 апта
Орта мерзімді жобалар-1-4 апта
Ұзақ мерзімді жобалар-4 аптадан 1 жылға дейін
- Технологиядағы жобаның түрлері:
- Ғылыми жоба;
 - Шығармашылық жоба;
 - Ойын түріндегі жоба;
 - Ақпараттық жоба және т.б. түрлері бар.




Жоба жұмысының қорытындысы-жазбаша немесе ауызша есеп, мультимедиялық презентация, фильм, қойылым. Интернет жүйесіндегі бет, дайындалған макет, модель ретінде көрсетіледі.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін **мәселені** көре білу қажет. Мәселе деп күрделі сауалдарды, міндеттерді, зерттеу кезінде кездескен қиыншылықтардың өз шешімін табуын алуға болады.


Жобалар тақырыбы әртүрлі болады, ол мәселенің өзіндік түр-сипатын бейнелейді.

жоба жұмыстарының нәтижелерін мультимедиялық презентация түрінде көрсетеді.





Сонымен, оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын ғана емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – жобалау технологиясының негізі. Нақты тақырып төңірегінде оқушының алдына әр кезеңде мақсат қоя біліп, сол мақсатқа қол жеткізудегі іс-әрекет.

Конфуцийдің “Естігенімді – ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, өзім істегенімді меңгеремін” дегені – бұл технологияның негізгі ұстанымы



Мұғалімнің рөлі:






Егер, оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса- ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Әр түрлі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай отырып, әр түрлі адамдармен тіл табыса отырып, әр ортада дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

Жобалау технологиясының негізінде –оқушылардың жұппен немесе топпен бірігіп дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр.

Оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру үшін жоғарыда айтылғандай, оны жоспарлай білу қажет.



Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Сөз соңында айтарым, егер мұғалімдер оқушыларға дұрыс бағыт, рухани азық беріп, іздену-зерттеу жұмыстарымен, шығармашылыққа жетелесе, жақсы оқытса, оқушылар да жан-жақты, білімді дара тұлға болып қалыптасады. Тек осылай ғана әрбір технологияның тиімділігі анықталады.